

Латвия Республикасының президенті Вайра Вике-Фрейбергидің 2004 жылғы 7-9 қазандағы Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапары барысында қол қойылған және қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 25 сәуірдегі N 100-ө Өкімі

Латвия Республикасының президенті Вайра Вике-Фрейбергидің 2004 жылғы 7-9 қазандағы Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапары барысында қол қойылған және қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-латвия ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Латвия Республикасының президенті Вайра Вике-Фрейбергидің 2004 жылғы 7-9 қазандағы Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапары барысында қол қойылған және қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары мен мүдделі ұйымдары (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөнінде тиісті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі тоқсанына кемінде бір рет есептіден кейінгі айдың 10-күніне Қазақстан Республикасының Үкіметін Жоспардың орындалу барысы туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 25 сәуірдегі
N 100-ө өкімімен

бекітілген

Латвия Республикасының президенті Вайра Вике-Фрейбергидің 2004 жылғы 7-9 қазандағы Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с N	Іс-шара	Орындалу мерзімі	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар
1	2	3	4	5
	Мынадай халықаралық шарттардың күшіне енуі жөніндегі			

1.	<p>қажетті мемлекет-ішілік рәсімдерді өткізу:</p> <p>Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісім;</p> <p>Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім;</p> <p>Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы Терроризмге, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім.</p>	<p>2005 жылғы IV тоқсан</p> <p>2005 жылғы IV тоқсан</p> <p>2005 жылғы II тоқсан</p>	<p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы</p> <p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы</p> <p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы</p>	<p>Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі</p> <p>- / -</p> <p>Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі</p>
2.	<p>Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы шарттық-құқықтық базаны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, атап айтқанда, Экономикалық қылмысқа және салық заңнамаларын бұзушылыққа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық пен ақпарат алмасу туралы келісімге қол қою мүмкіндігін қарау.</p>	<p>2005 жыл бойы</p>	<p>СІМ-ге ақпарат беру</p>	<p>Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) (келісім бойынша)</p>

3.	<p>Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы өңірлік ынтымақтастықты дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Астана қаласының әкімдігі мен Латвия Республикасы Рига қаласының мэриясы арасындағы сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық саласындағы келісімге қол қою мүмкіндігін қарау.</p>	2005 жыл бойы	СІМ-ге ақпарат беру	Астана қаласының әкімдігі
4.	<p>Вентспилс қаласында қазақстан-латвия мамандандырылған астық терминалын салу жөнінде қол жеткізілген уағдаластықтарды және қабылданған міндеттемелерді іске асыру, және нәтижелері бойынша ҚР СІМ-ді хабардар ету.</p>	белгіленген кесте бойынша	СІМ-ге ақпарат беру	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігі
5.	<p>Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы денсаулық сақтау және туризм саласындағы ынтымақтастықты дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу.</p>	2005 жыл бойы	СІМ-ге ақпарат беру	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Индустрия және сауда министрлігі